

SaidKhan ЖШС «Саид» балабақшасы



Бекітемін

ЖШС «Саид» балабақшасының

Меңгерушісі: Ергалиева. А.Ш

«1» *қыркүйек* 2024ж

«МЕНИҢ БАЛАБАҚШАМ»



2024 ЖЫЛ

Мақсаты: Білім туралы мағлұмат беру. Сөздік қорларын молайтып, тілдерін дамыту. Достыққа, бірлікке тәрбиелеу. Егеменді ел Қазақстан жайында толық мағлұмат беріп, ой - өрістерін дамыту. Өз отаның сүйеге, қастерлеуге баулу. Өз еліне деген қызығушылықтарын арттыру.

Тәрбиеші:Армысың ба? Алтын күн!

Армысың ба? Жер - Ана!

Армысың ба? Достарым,

Сендерді көрсем қуанамын

Тәрбиеші балаларға өлең оқиды:

Алтай - Жайық арасы,

Жарты әлемдей даласы.

Ол - біздің Қазақстан!

Анамыздай тілеу - ақ

Отан біздің біреу - ақ

Ол біздің - Қазақстан!

Кіріспе әңгіме:

Балалар күз айының 1 - ші күні яғни 1 қыркүйек күні - «Білім күні» деп аталады. Сендер алғашқы рет балабақша табалдырығын аттап білім алсаңдар, екінші кезекте мектеп табалдырығын аттап оқу нәрімен білім бұлағымен нәр алып үлкен азамат болып өресіндер.

«Оқу - білім азығы» деп айтылғандай оқу бар жер де білім де бар, ол екеуі де бірге жүреді.

Сергіту сәті:

Алғашқы мектеп табалдырығын аттаған кезде, әсем мектепке аяқ басар сәтті алғашқы қоңырау соғылады.

Мінеки сол қоңырау үні сендердің жүректерінде мәңгі сақталды.

Сюрприздік сәт - қонаққа қоңырау ұстаған Айгул қыз бала келеді.

Айгул:

Сәлеметсіңдер ме балалар!

Сендер мені таныдыңдар ма?

Мен 3 - сынып оқушысымын.

Менің атым Айгүл мен сендер сияқты балабақшада апайлардан білім алып,
ары қарай мектепке бардым үлкен азамат болғым келеді. Сендер білесіңдер
ме, мен қолымдағы не нәрсе?

Бұл балалар қоңырау.

Қоңырауды соққанда әсем үн шығады. Осы қоңырауды сабақтың алдында
мектепте соғады. Қоңырауды естіп балалар сабаққа барады. Сендер мен
сияқты үлкен азамат болып, өссін деп осы қоңырауды сыйлық ретінде
сендерге бермекпін.

Бірақ сендер маған тақпақ айтып беріңдер.

Зере: Мен бақшаға барамын,

Ойнаймын, ән саламын.

Тәрбиеші апайлар.

Досы барлық баланың.

Жандаулет: Маңдайымызды ұстайды,

Жүрегімізді тыңдайды.

Аузымызға қасық сап,

«А»деп айт деп ымдайды.

Еркеназ: Балабақша есігін

Сәби болып ашқанбыз

Балапандай мәпелеп

Өсіреді бақшамыз.

Алинұр: Бұл екінші үйіміз,

Бір туғанбыз бәріміз.

Біз – осы үйдің гүліміз,

Біз – осы үйдің сәніміз.

Айлин: Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Күні бойы қызыққа

Батамыз да қаламыз!

Айгүл: Тамаша балалар ал енді Туған жер, Қазақстан, Отан жайында, мақал мәтел сұраймын және өзім айта кетемін:

Тәрбиеші балаларға өз Отаның сүю керектігін айтады.

Балаларды туған жерге деген сүйіспеншілікке баулу.

Тәрбиеші: Балалар біз бүгін не жайлы әңгіме айттық?

Айгүл сендерге сыйға не беріп кетті?

Бізде рахмет айтамыз, сендер ол берген қоңырауды ұқыпты ұстауға тырысыңдар. Бүгінгі сабаққа барлығымыз тамаша, ат салыстық! Рахмет!.....